**ҒТАМР 11.25.67** https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.1.141

***[1]Рүстем К.М. [2]Кожахметов Б.Б. [3]Рустемова А.М.**

*[1]Хаджеттепе Университеті, Түркия, Анкара*

*[2] Алматы облысының музейлер бірлестігі, «Әлмерек баба тарихи-мәдени кешені» Жаңақуат, Қазақстан*

*[3]Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан*

*E-mail: [1]kamshat_hist@mail.ru, [2]bagashar0909@gmail.com,[3]moldanovna.a@gmail.com*

# ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

***Аңдатпа.*** Мақала Қазақстан мен Түркия Республикаларының арасындағы жоғарғы білім саласындағы ынтымақтастығы мәселесіне қатысты ғылыми тұжырым жасаған зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық зерттеу жасауға арналған. Екі елдің арасындағы жоғарғы білім саласында атқарылған істерді саралаған қазақстандық, түркиялық және ресейлік зерттеушілерінің еңбектерінде көтеріліген мәселелерді зерделей отырып, жоғарғы білім саласындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктері мен мәселелері айқындалды. Мақаланы жазу барысында қойылған мақсатқа жету үшін тарихнамалық, тарихи-салыстырмалы, жүйелік талдау әдістер кешенді түрде қолданылды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау барысында, XX ғасырдың 90-жылдарында нарықтық экономикаға көшкен Қазақстанның жоғарғы білім саласының интернационалдануында Түркияның маңызды рөл атқарғаны нақтыланды. Түркияның жоғарғы білім беру жүйесінде Орталық Азияның (Қазақстанды қоса алғанда) жастарын қолдауға бағытталған бастамалары, оны академиялық тартымды орталыққа айналдырып, әр саланың білікті кадрларын дайындаудағы белсенді әрекетін күшейтіп отырғаны айқындалды. Алайда, мәденит пен білім саласындағы «жұмсақ күш» саясаты, оның аймақтағы негізгі акторлардың бірі ретінде беделін арттыруға қаншалықты ықпал етіп отырғаны, кешенді түрде сараланбағанын көрсетті.

***Кілт сөздер:*** Қазақстан, Түркия, ынтымақтастық, жоғары білім, «жұмсақ күш».

## Кіріспе

Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш таныған Түркия Республикасы «түбі бір түркі тілдес халықтардың біргілі» идеясын ұстанған мемлекет. Екі елдің арасындағы дипломатиялық байланыстар, Қазақстан сынды тәуелсіздігін алған жас мемлекеттің болашақ дамуына оң ықпал еткені белгілі. Бұны әсіресе, Түркияның экономика, мәденит, ғылым мен білім саласындағы қолдаулары, түркі тілдес халықтарға ортақ саяси алаңдардың құрылуына ықпал етуі тұрғысында қарастыруға болады. Өзара ынтымақтастықтың мұндай қарқында дамуы, түркі тілдес халықтардың бірлікте қимылдауына, бүгінгі жаһандану жағдайында, өздерінің тарихи-мәдени құндылығын сақтауға ықпал ететін ортақ істі бірлесе атқарып отырған әрекеттерінің көрінісі. Осы істерді жүзеге асырудың бастауы, Қазақстан мен Түркия арасында 1992 жылы басталған дипломатиялық байланыстар (Оспанова, Алиакбарова, 2025), мұнан әрі халықаралық ұйымдарға мүше болумен және ортақ түркі халықтарының бірлігі идеясын жүзеге асыруға бағытталған мәдени, саяси, экономикалық, ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық ұйымдарының (Түркі Кеңесі (2021 жылдан Түркі Мемлекеттері Ұйымы), ТүркПА, TÜRKSOY, Түркі Академиясы, TİKA т.б.) негіздерін қалау арқылы жүзеге асырылуда (Yılmaz, 2021; Авджу, 2023; Иембекова, 2023; Appasova, 2023; Малышева, 2024).

1992-2009 жылдар аралығында түркі тілдес тәуелсіз мемлекеттер мен Түркия бірлескен көптеген саммиттер өткізіп, олар негізінен бастапқыда мәдени байланыстар негізінде, кейіннен экономикалық ынтымақтастыққа қол жеткізу мақсатында біріге бастаған (Yesevi, 2022). Осылайша Түркия аймақтық геосаяси бәсекелестікте ықпалын арттыру үшін, мәдени

және білім беру институттарын стратегиялық құрал ретінде пайдаланып отыр. Ал Қазақстан жағдайында бұл саясат, ең алдымен, білім беру саласы арқылы жүзеге асырылып, екі ел арасындағы гуманитарлық байланыстарды институционалдық деңгейде тереңдетуге бағытталған.

## Зерттеу әдістері мен материалдары

Кез-келген тарихи оқиғаны зерттеуде, оның тарихнамалық негізін қарастыру, ғалымдар назарынан тыс қалған мәселені анықтауға ықпал ететін аса маңызды бөлім болып табылады. Түркияның сыртқы саясатындағы түркі халықтары тұратын мемлекеттермен байланысы мәселесін шетелдік және отандық зерттеушілер әр қырынан зерттеуде. Түркияның сыртқы саясаттағы ұстанымын, Орталық Азия мемлекеттерімен байланысын қарастырған зерттеушілердің басым бөлігі, экономикалық, саяси аспектілерге баса назар аударған. Біз бұл мақалада негізінен Қазақстан мен Түркияның арасындағы жоғарғы білімге қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан саралаған қазақстанның, түркияның және ресей ғалымдарының зерттеу жұмыстарындағы тұжырымдарын талдаймыз. Сондай-ақ, екі елдің ынтымақтастық мәселесін ашық ақпарат көздерінде жариялап отыратын мерзімді басылым беттеріндегі мәліметтерге де назар аударатын боламыз.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, жүйелік талдау әдістерін қолдану, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау, Қазақстан мен Түркия арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастық, кадр даярлау, академиялық ұтқырлық пен білім беру кеңістігінің интернационалдануына ықпал еткен маңызды факторларды айқындауға бағыттайды. Осы ретте, Түркияның жоғары білім саласы арқылы, Қазақстандағы саяси-гуманитарлық ықпалын арттыру тетіктері мен олардың нәтижелерін жан-жақты ғылыми зерттеудің қажеттігі айқындалды. Сондай-ақ, Орталық Азиядағы қазіргі геосаяси бәсекелестік контексінде мемлекеттер арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастық, аймақтық ықпал етуші факторларының бір бағыты ретінде ғылыми сараптауды талап ететін мәселе болып табылады.

## Талқылау

1990 жылы 25 қазанда егемендігін алған Қазақстанның, осы жылдың желтоқсан айында Түркия Республикасының Мәдениет министрлігі мен Қазақ КСР-нің Мәдениет жөніндегі комитеті арасында білім беруге қатысты, жоғары оқу орындарының арасындағы байланыс, ортақ ғылыми алаңдар құру, әдебиет пен мәдениет саласында біріккен іс-шараларды жүзеге асыру сынды мәселелерді қамтыған протоколға қол қоюы, алғашқы ресми қарым-қатынастың басталғанын көрсетеді (Шахидулла, Мұхажанова, 2017: 236).

1991 жылы наурыз айында Алматыда, қыркүйек айында Анкарада екі елдің білім министрлерінің қол қойған алғашқы келісімдері, 1992 жылы «Білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы» келісіммен, 1995 жылы «Білім министрлерінің мәлімдемесі», 1997 жылы «Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы хаттамаларымен» жалғасын табады (Yılmaz, 2021).

Қазақстан мен Түркия елдерінің үкіметаралық келісімдері негізінде жоғары білім саласындағы байланысы 1991 жылы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуына негіз болып (История университета ..., 2025), бүгінгі таңда Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің базасында түркиялық Гази университетінің филиалының ашылуымен өзінің жалғасын тауып жатыр (Гази университетінің ..., 2024). Осылай тәуелсіздік алған жылдардан басталған білім мен академиялық ынтымақтастық мәселесі, бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтпай, тіптен 2025 жылы мауысым айындағы ҚР Перзидентінің Түркия Республикасына барған ресми іс-сапарында қол қойылған жиырма келісімнің бір бағыты болған (The View

From Ankara ..., 2025). Алайда, Қазақстан мен Түркияның жоғарғы білім саласындағы ынтымақтастықтық саясаты, бүгінгі таңда «жұмсақ күш» және геосаяси ықпал теориялары тұрғысынан зерделеу мен пайымдауларды қажет етеді.

### Зерттеу нәтижелері

*Қазақстандық зерттеушілер*

ҚР Президенті Қ. Тоқаев 2022 ж. Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде «Академиялық ұтқырлықты дамытып, студенттер арасында мәдениетаралық диалогты орнатуға жағдай жасау арқылы, жоғарғы оқу орындарының бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру, студенттердің түркі тілдерін үйреніп, бауырлас елдердің тыныс-тіршілігімен танысуға мүмкіндік беретінін, сол себепті, 2023 жылы түркі елдері университтерінің ортақ желісін құру» мәселесін көтерген еді (Президент Түркі мемлекеттері ..., 2022). Себебі, 2021 жылы басталған әлемдік саяси дағдарысқа дейін, Қазақстанның студенттерінің білім беру көші-қонының басым бағыты, негізінен Ресей, Қытай және Түркия елдерімен байланысты болған. 2018 жылғы мәліметтер бойынша Ресей Федерациясында - 65 000 астам (24％), Қытайда - 11 784 Қазақстандық студенттер оқыған (Rustemova, et al., 2020: 3; 10). Ал Түркияда, 2019 жылы - 2760 Қазақстан азаматы білім алған (Каримова, Меделбай, 2021: 183).

Зерттеуші А. Сабыровтың топшылауы бойынша 2022 жылдан бастау алған жаһандық «тектоникалық» өзгерістер, болашақта жаңа мемлекеттік құрылымдардың, ортақ өркениеттік негізге сүйенген аймақтық коалициялар мен одақтардың пайда болуына ықпал ету мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, түркі әлемінің интеграциялануы мәселесінде Түркия тарапынан көрсетіліп отырған жауапты «ынтымақтастық» Қазақстан үшін аса маңызды үрдістердің бірі. Түркі мемлекеттері ұйымы қазіргі таңда ұзақ мерзімді перспективада Еуропа мен Азия арасындағы идеялық-тұжырымдамалық кеңістікте жетекші орын алуға ұмтылып отырғаны соның бір айғағы болып табылады (Сабыров, 2023).

А. Ермекбаев бастаған зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қазіргі кездегі халықаралық қатынастар жүйесінде Түркияның Орта Азия елдерімен, оның ішінде Қазақстанмен байланысы түрлі саланы қамтыған. Әсіресе, тарихи-мәдени, ортақ мұра, өзара құрмет пен ынтымақтастық мәселелері негізінен басымдыққа ие. Ғалымдар: «Түркияның осы аймақта жүргізіп отырған мәдени алмасулар мен білім беру ісіндегі жұмыстары, оның «жұмсақ күшін» нығайта алатын және аймақтағы негізгі ойыншы ретіндегі рөлін көрсетеді» деген тұжырым жасайды (Ермекбаев, Екибасова, Ілияс, 2024).

Алайда, Түркияның Қазақстанға қатысты білім беру саясаты тек бір жақты жүрмейтінін, егер Қазақстан тарапы осы жобаларды қабыл алмаса, онда білім саласындағы бастамалар жүзеге асырылмай қалатынын атап өткен, Д. Аметбек пен А. Амирбектің пайымы бойынша, «екі елдің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық екі елдің стратегиялық серіктестігін нығайтатын негізгі тетіктердің біріне айналып отыр». Түркияның білім жобалары Қазақстанның кадрлық әлеуетін арттырып, ұлттық бірегейліктің күшеюіне ықпал етсе, Қазақстан үшін бұл бастамалар білім жүйесін жаңғыртудың тиімді құралы бола алады. Өзара прагматизм мен ортақ мәдени-тарихи құндылықтарға негізделген бұл ынтымақтастық халықтар арасындағы байланыстарды тереңдетіп, соның нәтижесінде қазақ-түрік саяси қатынастарының ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен беріктігін қамтамасыз етуде (Ametbek, Amirbek, 2014).

Зерттеушілер З. Каримова мен А. Меделбай КСРО-ның ыдырауымен тәуелсіздігін алған түркі мемлекеттеріне, оның ішінде Қазақстанға қатысты Түркияның сыртқы саясаттағы негізгі факторына айналған «жұмсақ күш» («soft power») саясатының бағыттары мен маңызын қарастырған. Түркияның «жұмсақ күш» саясаты Қазақстанның білім беру жүйесінде 1992-1993 оқу жылынан басталып, қазақстандық жастардың Түркияның университеттерінде білім алуларына жағдай жасаған «Ұлы студенттік жоба» деп аталған жоба аясында басталғанын атап өткен. Ал бүгінгі таңда мұндай жұмыстар Юнус Эмре

мәдени орталығы мен Түрік университеттері қауымдастығына енетін ЖОО негізінде жандануда. Ғалымдар, Түркияның тарих, мәдениет, білім, тіл саласында бастаған бұл «жұмсақ күші» бүгінгі таңда іскерлікпен жалғасын тауып отырғанын қарастырған. «Түркияның «жұмсақ күш» саясатының уақыт талабына сай өзгеріп отыруы, болашақта оның әлемдік аренадағы ықпалын арттыруға алып келеді» деп болжайды (Каримова, Меделбай, 2021).

К. Базарбаев бастаған зерттеушілердің келесі тобы, Қазақстан мен Түркия арасындағы тығыз, әрі көпқырлы ынтымақтастықтың қалыптасуына ықпал еткен бірқатар негізгі интеграциялық тетіктер мен институттардың қызметін талдай отырып, олардың екі ел арасындағы мәдени, әлеуметтік және экономикалық салалардағы ықпалдастықты ілгерілетуде шешуші рөл атқарып келе жатқанын жан-жақты қарастырған. Екі елдің арасындағы мәдени және білім беру салаларындағы интеграция ең дамыған бағыттар болғанымен, экономикалық ынтымақтастықты әлі де нығайтуды қажет ететінін тұжырымдаған. Алайда, «Түркияның «жұмсақ күш» саясатын жүйелі түрде дамытуы, соңғы бес жыл ішінде әлемдегі ең ықпалды және тартымды отыз мемлекеттің қатарынан тұрақты түрде орын алып келуі, екіжақты қатынастарды мәдени, әлеуметтік және экономикалық бағыттарда тереңдетуге қолайлы жағдай қалыптастырып, Қазақстан-Түркия серіктестігінің ұзақ мерзімді әрі орнықты сипат алуына ықпал етеді» деп пайымдайды (Bazarbayev, et al., 2025).

*Түркия зерттеушілері*

Түркия мен Қазақстан арасындағы тарихи тамырымыздың ортақтығы, тілдік ұқсастықтар және мәдени жақындық, дипломатиялық байланыс алғашқы күнінен-ақ «этномәдени жақындықты» қалыптастырды. Түркия мен Қазақстанның халықаралық және өңірлік мәселелерге қатысты ұстанымдарының сәйкес болуы, екі елдің арасындағы саяси және экономикалық салаларда белсенді түрде ынтымақтасуға ықпал етті. Әсіресе, Түркия Қазақстанның мәдениеті мен білім саласын дамытуға көптеген көмек берді. Оның көрінісін, Қазақстандық мыңдаған студенттерінің Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен С. Демирел атындағы қазақ-түрік университетінде және «Ұлы студенттік жоба» аясында Түркияның жетекші оқу орындарында білім алуынан көруге болады (Ercan, 2020: 173).

Жаһандану үдерістері Түркияның саяси, экономикалық және социомәдени ықпалының кеңеюіне жағдай жасап, жоғары білім беру жүйесінің халықаралық ортаға белсенді кірігуін жеделдетті. Соның нәтижесінде жоғары оқу орындары елдің адами капиталы мен тарихи-мәдени мұрасына сүйене отырып, өңірлік және жаһандық мәселелерді шешуге үлес қосатын әрі мемлекетаралық өзара іс-қимылды күшейтетін «жұмсақ күшінің» маңызды элементіне айналды (Çetinsaya, 2014: 168-170). Осы элементтердің бірі – Мемлекеттік шәкіртақы бағдарламаларын «жұмсақ күш» құралы ретінде қарастырған зерттеушілердің пікірінше, елдің мәдени және білім беру ықпалын кеңейтуге мүмкіндік бергенімен, жаһандық білім беру кеңістігіндегі бәсекенің күшеюі аталған бағдарламаны институционалдық тұрғыдан жаңғыртуды және оның тартымдылығын арттыруға бағытталған кешенді реформаларды жүргізіп отыруды талап ететінін алға тартады (Aras, Zulkarnian, 2019).

Түркияның шетелдік студенттерге қатысты реформаларының жаңа бағыты жөнінде Жоғары білім беру кеңесінің (YÖK) төрағасы Ерол Өзвар «Түркия шетелдерде, қазіргі уақытта түркі мемлекеттерімен басталған бірлескен университеттер ашуға бағытталған жаңа саясатты жүзеге асыруды бастағанын» мәлімдеді (Турция планирует ..., 2025). Бұл бастамаларды, өз кезегінде академиялық ұтқырлықты күшейтіп, ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге, өңірлік және жаһандық деңгейде ел болашағына әсер етуші жас мамандарды дайындау арқылы, жоғарғы білім саласындағы ықпалын арттыруға бағытталған стратегиялық қадам деп қарастыруға болады. Түркияның ұлттық білім министрі Ю. Текин атап өткендей «Қазақстан аумағында Түркия «Маариф»

қоры (Türkiye Maarif Vakfı) аясында жаңа білім беру орындарын ашу, қосдиплом бағдарламасы бойынша білім алған оқушыларды, халықаралық бәсекеге қабілетті, жоғары деңгейдегі мамандарды дайындауға ықпал етеді» (Kazakistan Eğitim, 2025).

Ю. Кавак пен Г. Басканның ұйғарымдары бойынша 1991 жылды әлемді түбегейлі өзгерткен демократияландыру толқыны, көптеген мемлекеттер сынды, Түркияның да сыртқы саясаттағы белсенділігін арттырып, дұрыс шешім қабылдауға мүдделі етті. Түркия үкіметі Орталық Азия (Қазақстанды қоса алғанда) республикаларымен «экономикалық, мәдени, білім беру және техникалық ынтымақтастық» бастамаларын анықтағанымен, жаңа кезеңдегі негізгі басымдық білім беру саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударумен бастаған. Түркия «Ұлы студенттік жоба» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы ортақ тарихи және мәдени байланыстары бар халықтардың арасындағы байланысты орнатып қана қоймай, ол елдердің Батыспен ықпалдасуына да жол ашқанын алға тартқан. Алайда, бүгінгі таңда бұл жобаның Ережелері мен талаптарын қайта қарау қажеттігін негіздей отырып, ғалымдар сегіз ұсыныс білдірген. Мәселен, оқуға қабылдау шарттарын күшейту; түлектерді қадағалау арқылы, кері байланысты қамтамасыз ету; университеттердің әлеуетін ескеру, т.б. (Kavak, Baskan, 2001).

Түркі тілі мен мәдениетін оқыту арқылы түркі әлемімен бауырластық көпірін құру және мәдени бірлікті қамтамасыз ету мақсатында іске қосылған «Ұлы студенттік жобасының» талаптарын күшейту қажеттігі жөнінде зерттеуші С. Йылмазда: «студенттер, түрік тілін үйреніп қана қоймай, сонымен бірге Түркияны танып, оны сүйе білу керек» деп, бірқатар кемшіліктерін атап көрсетеді. Оның болжамы бойынша «оқуға қабылданған студенттердің басым бөлігінің оқуын аяқтай алмауы; Түркия билігінің «Түркия шәкіртақылары» бойынша оқыған Қазақстандық түлектердің қандай қызметтерде жұмыс атқарып отырғанынан хабарсыз болуы, шәкіртақы иегерлерінің Қазақстанға оралғаннан кейінгі әлеуетін толық пайдалануға кедергі болып отыр» (Yılmaz, 2021).

XX ғасырдың 90-шы жылдары басталған студенттік жоба, бүгінгі күнге дейін өзінің жалғасын тауып, қарқынды жұмыс жасап жатқаны белгілі. Түркияның Сыртқы экономикалық байланыстар кеңесінің (DEİK) және Білім, экономика және бизнес жөніндегі кеңестің президенті, профессор Ирфан Гюндүздің баяндауынша, пандемиядан кейін Түркия шетелдік студенттерді ең көп қабылдайтын елдердің қатарына ене бастағанын және Түркиядағы шетелдік студенттер саны 250 мыңға жеткенін, ал 2023 жылы 300 мыңға жеткізу жоспары бар екенін атап өткен. Ол - Түркияның Еуропа және Батыс елдерімен салыстырғанда оқу ақысының төмендігі, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы жетістіктері елдің тартымдылығын арттыратын маңызды факторлар екенін атап өтеді (The Number of International ..., 2022).

Түркі мемлекеттері ұйымының қызметі мен рөлін қарастырған зерттеуші Чагла Гюль Йесевидің (Yesevi, 2022) пайымдауынша, аталған ұйым «білім беру, дипломатия, жастар саясаты, көлік және туризм салаларын ынтымақтастықтың дербес бағыттары» ретінде қарастырған. Зерттеуші қазіргі уақытта жоғарғы білім беру саласындағы ынтымақтастық негізінен Түркі университеттер одағының (TURKUNIB) Орхун академиялық алмасу бағдарламасы аясында жүргізіліп отырғанын атап өткен. Сондай-ақ, бұл бағдарлама тек студенттер мен академиялық ортаны ғана қамтып қана қоймай, сонымен бірге жас дипломаттарды даярлау жұмыстарында да жүзеге асырылып отырғанын алға тартады.

О. Чалышкан мен Х. Буюкгозенің пайымдауларына сүйенсек, Халықаралық жоғары білім беру саласындағы саясаты аясында Түркия үш негізгі мақсатты өңірді айқындай отырып (Балқан аймағын, Орталық Азияны, Таяу Шығыс пен Африканы), олардың әрқайсысына түрлі стратегияларды қолдануда. Негізінен Түркияда, дискриминациялық протекционизмнен гөрі «жұмсақ күш» стратегиясы аясында Орталық Азия мен Балқан аймақтары сияқты этникалық және мәдени тұрғыдан жақын өңірлерден студенттерді белсенді түрде тартуға басымдық беріп отыр. Түркияның шетелдік студенттерге қатысты

ұстанымы мәдени дипломатия шеңберінен шығып, оларды болашақ әлемдік көшбасшы ретінде қарастырып, ұзақ мерзімді байланыстар орнатуға бағытталған. Әсіресе Түркиямен тарихи және мәдени байланысы бар елдерден студенттерді тарту арқылы, қазіргі үкімет өз ықпалын кеңейтіп, бейресми «мәдени елшілер» желісін қалыптастыруды көздейді. Алайда мұндай саясат жұмсақ күшті күшейткенімен, түлектердің дербес кәсіби маман ретінде қалыптасуы немесе сыртқы саясаттың құралына айналу мүмкіндігі мәселесі ғылыми тұрғыдан пікірталас туғызады (Caliskan, Buyukgoze, 2025).

*Ресей зерттеушілері*

КСРО ыдырағанан кейін оның «мұрагері» болып саналатын Ресейдің ТМД құрамындағы мемлекеттерге саяси-экономикалық, мәдени, білім саласындағы ықпалы өзінің жалғасын табуда. Ресейдің ықпал ету күшінде саясаткерлерден өзге, ғалымдардың да үлесі зор екені белгілі. Олар түрлі бағыттар бойынша арнайы зерттеу институттарының жүйесінде мәселелерді жан-жақты талдап, ғылыми негіз жасап отырады. Мәселен, 2016 жылғы МГИМО Хабаршысының №2 санының халықаралық байланыс бағыты, толықтай Түркия Республикасының қазіргі уақыттағы сыртқы саясаттағы ұстанымдарына арналған (Вестник МГИМО, 2016), сонымен бірге 2021 жылы Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы мәселесін БАҚ өкілдері мен сарапшылардың арнайы талқылауы осының көрінісі деп айта аламыз. Сарапшылардың топшылауынша, Түркияның Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерімен тиімді өзара іс-қимыл орнатудағы негізгі бағыттары білім беру, діни және мәдени-гуманитарлық салаларды қамтиды. Аталған бағыттар шеңберінде жүзеге асырылып отырған «жұмсақ күш» тетіктерін Түркияның өңірдегі саяси, мәдени және стратегиялық мүдделерін жүйелі түрде ілгерілетуге ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырған («Тюркское НАТО» ..., 2021).

Ресейлік түріктанушы В. Надеин-Раевскийдің (Надеин-Раевский, 2017: 148-149) пайымдауынша, Түркия саяси интеграция саласындағы шектеулерді өтеу мақсатында «түркі республикаларымен» өзара ықпалдастықты идеологиялық, мәдени және білім беру тетіктері арқылы нығайтты. Бұл бағытта Түркияның Білім министрлігі мен түрлі мемлекеттік және жекеменшік құрылымдардың қатысуымен түркітілдес елдермен бірге Ресей аумағында да (Татарстан, Башқұртстан) бастауыш, орта және жоғары білім беру салаларында кең ауқымды бағдарламаларды іске асырды. Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстан республикаларында бірлескен халықаралық университеттердің ашылуы, сондай-ақ түркиялық жеке ұйымдардың білім беру инфрақұрылымын дамытуы және Түркітілдес республикалар мен өңірлерден шыққан талапкерлердің Түркияның Жоғары білім беру кеңесі ұйымдастыратын орталықтандырылған іріктеу тетігі арқылы түрік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болуы, Түркияның «жұмсақ күш» стратегиясының институционалдық негізін қалыптастырды. Түркиядағы жоғары оқу орындарында білім алған посткеңестік кеңістіктің түркітілдес студенттерінің саны 26 000 құрап, олар негізінен, Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (TİKA) арқылы ұйымдастырылған мемлекеттік бағдарламалар аясында білім алған (Надеин-Раевский, 2024).

Живалов бастаған Ресей ғалымдарының пікірінше, Түркияның бастамасымен басталған Түркі векторы Орталық Азия мен Ресейдің түркі халықтары тұратын жекелеген аймақтарын қарқынды түрде қамти отырып, «Ұлы Тұран» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған «Түркі әлемінің келешегі - 2040» бағдарламасы осының айғағы. 2021 жылы Түркі кеңесінің, Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып құрылуының өзі, мәдени және гуманитарлық салаға басымдық беріп келген Түркияның геосаяси мәселелер бойынша ықпалын арттыруға мүмкіндік жасауы ықтимал екеніне тоқталған. Алайда, Түркияның бұл саясаты Ресей мен Қытайдың ресми ұстанымдарымен сәйкес келмейтінін атап өткен (Zhivalov, Chimiris, Aliyev, 2023).

Зерттеуші И. Свистунова Түркия мен Қазақстанның қазіргі уақыттағы қарым-қатынасын: саяси, экономикалық және түркі бірлігі идеясын ілгерлету саласындағы мәдени

ынтымақтастық тұрғысын үш аспектіде қарастырған. Ғалымның пікірінше, екі елдің қарым-қатынасын дамытуда Түркия Қазақстан арқылы сыртқы саясатта Орталық Азиядағы өзінің ықпалын көрсеткісі келетінін, алайда бұл ықпалдың негізінен саяси және мәдениет саласында қарқынды болғанымен, экономикалық бағытта айтарлықтай кең қарқын алмауы мүмкін екеніне тоқтала отырып, оның себебін Астанаға - Ресей, Қытай, Евроодақ сынды ірі ойыншылардың ықпалы болатынына тоқталған (Свистунова, 2023).

Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО (Франиция мен Германияны қоса алғанда) сынды жетекші аймақтық және аймақтан тыс орналасқан державалардан кейін, Қазақстанға ықпал етуші аймақтан тыс (Non-Regional) орналасқан Түркия, Ұлыбритания, Үндістан сынды мемлекеттердің соңғы он жылдағы экономикалық, саяси-дипломатиялық және «ақылды күш» («smart power») тұрғысынан әсер ету факторларын қарастырған зерттеуші А. Котик, аталған үш мемлекетті Орталық Азиядағы «екінші қатарлы» аймақтан тыс (Non-Regional) ойыншылар деп қарастырған. Осы мемлекеттердің ішінде Түркияның Орталық Азия елдері мен Қазақстандағы басымдыққа ие бағыттарының бірі - ғылым мен білім, мәдениет пен гуманитарлық ынтымақтастықты қамтитын «ақылды күш» («smart power») саласына тиесілі екенін және оларды жүзеге асырудың құралдары деп: «түрік жоғары оқу орындарында білім алу үшін «Turkiye Burslari» мемлекеттік бағдарламасы аясында стипендияларды қаржыландыру; ЕТБ (YTB) желісі бойынша ұтқырлық бағдарламаларды қаржыландыру; дианет (діни қызметкерлерді оқытуға көмек); Түркі академиясының қызметін» көрсете отырып, қазіргі таңда «ақылды күш» («smart power») саясаты тиімді әдіс екенін атап өтеді (Котик, 2025).

Түркия мен Қазақстанның байланысын Орталық Азиядағы басқа посткеңестік республикалармен салыстырғанда жақсы дамығанын атап өткен зерттеуші Э. Мехдиевтің пайымдауынша (Мехдиев, 2016), Түркияның Орталық Азиядағы белсенділігі «ірі ауқымды жобалармен шектелмей, негізінен коммерциялық, мәдени және білім беру бағдарламалары арқылы жүргізілуде». Сондай-ақ, Анкараның «жұмсақ күш» саясаты формалды түрде мемлекеттік емес, бірақ Түркия үкіметі тарапынан жүйелі қолдау көрсетілетін құрылымдар негізінде іске асырылып отырғанына тоқталған. Сонымен бірге, Түркияның сыртқы саяси мүдделерінің посткеңестік кеңістік пен түркітілдес немесе мұсылман халқы басым Ресей Федерациясының жекелеген субъектілерін қамтуы мәселесін қарастыра отырып, «аталған өңірлерде оның «жұмсақ күш» тетіктерінің ықпалын институционалдық және саяси деңгейде реттеу қажеттілігі өзекті» деп есептейді.

Погорельская бастаған зерттеушілердің болжамы бойынша, Қазақстанның жоғарғы білімді интернационалдандыруға бағытталған қазақстандық жоғары оқу орындарында білім алатын шетелдік студенттердің санын арттыру және Орталық Азиядағы бес елдің білім беру саясатын үйлестіру мен өңірлік академиялық ұтқырлықты қолдауды көздейтін жоғары білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатындағы ұстанымына, Түркияның түркітілдес елдерге бағдарланған белсенді білім беру стратегиясы Орталық Азияда ықпал үшін бәсекелестікті күшейтіп, Қазақстанның өңірлік көшбасшылық амбицияларына сын-қатер тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, ғалымдар 2022 жылдан бастап Ресейдің халықаралық аренадағы геосаяси жағдайының күрделенуі және Қазақстандықтардың академиялық миграцияның ҚХР, Түркия және АҚШ бағыттарына қарай мақсатты түрде бағдарлануын талдай отырып, Қазақстан аумағында ресейлік жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу үшін қазақстандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп жүзеге асырылатын қолданыстағы және жаңа білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде жетілдіру және тиімді институционалдық негізде дамыту қажеттілігін ұсынған (Погорельская, Троицкий, Мусина, 2025).

Ресей ғалымдарының пікірінше, Түркия түркі елдерімен өзара іс-қимыл жасау институттарын құруға, өңірде орта және жоғары білім беру мекемелері желісін кешенді дамытуға басымдық бере отырып, Орталық Азия елдері үшін маңызды саяси әріптес,

«жұмсақ күш» саласындағы ең тиімді ойыншылардың бірі болып, білім беру саласында, ортақ мәдени және тарихи мәселелерді қолдауда маңызды серіктес болып отыр (Притчин, 2024).

**Қорытынды**

Қазақстан мен Түркия мемелекеттерінің арасындағы жоғарғы білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселесіне қатысты Отандық және Түркия мен Ресейдің зерттеуші ғалымдарының еңбектерін талдау барысында, олардың түрлі көзқарасты ұстанғанын байқауға болады.

*Қазақстандық зерттеушілер* Түркияның жоғарғы білім саласындағы ынтымақтастық саясатын «жұмсақ күш» деп қарастыра отырып, бұл ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық бірегейлігін күшейтуге, кадрлық әлеуетін арттыруға, білім жүйесін жаңартуға мүмкіндік беріп отырғанын алға тартады. Сонымен бірге, алдағы уақытта Түркияның «жұмсақ күш» саясаты нығайып, оның халықаралық аренадағы ықпалының артуына жүйелі түрде тірек болатын негіздейді.

*Түркия ғалымдарының пайымдаулары бойынша*, білім саласындағы ынтымақтастық мәселесі, ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында Түркияның сыртқы саясаттағы ұстанымында белсенді әрекет ету құралы ретінде басталып, бүгінгі таңда Түркияны шетелдік студенттерді қызықтыратын, тартымды білім беру аймағына айналдырып отыр. Ал Қазақстан үшін, бұл үдеріс батыспен ықпалдасуына жол ашып, мыңдаған студенттердің Түркияда білім алуына жағдай жасай отырып, олардың түркі тілін, мәдениетін, түркі әлемінің бауырластық идеясын жүзеге асыруға ықпал ететін бейресми «мәдени елшілер» өкілдер ретінде айқындайды.

*Ресей ғалымдары* Түркияның Орталық Азиямен (Қазақстанды қоса алғанда) білім беру саласындағы ынтымақтастығын «жұмсақ күш» және «ақылды күш» саясаты деп қарастырады. Ғалымдар, Түркияның түркі мемлекеттерімен 2020 жылдан кейін белсенді жұмыс жасап келе жатқан ұйымдары арқылы, геосаяси мәселелерге қатысты ықпалын арттырып, жоғарғы білім беру саласындағы әлеуетін күйшетіп, белгілі бір дәрежеде Ресейдің «жұмсақ күшіне» кері әсерін тигізеді деп пайымдайды. Сондай-ақ, Түркияның түркі тілдес мемлекеттерге негізделген білім беру саясаты, Қазақстанның жоғары білім беруде Орталық Азия кеңістігіндегі ықпалы үшін бәсекелестігін күшейтіп, өңірлік көшбасшылыққа ұмтылысын күрделендіре түсетінін атап өтеді. Ал соңғы уақытта Қазақстан академиялық миграциясының бағытын Қытай, Түркия, АҚШ-қа қарай бет бұруына байланысты, Ресей тарапынан нақты іс-шараларды жүзеге асыруды қажет етеді деп есептейді.

